

Бекітемін: 
Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасы
" Қостанай қаласы білім бөлімінің
№ 15 жалпы білім беретін мектебі" КММ
директоры: Сейіт Е.Қ.
«21» тамыз 2025 жыл

**«Озат» озық тәжірибе мектебі әдістемелік бірлестігінің
2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

«Озат» озық тәжірибе мектебі жұмысының тақырыбы

«Озат тәжірибе – сапалы білім негізі»

«Озат» озық тәжірибе мектебі жұмысының мақсаты

Мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату, заманауи білім беру технологияларын, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және адалдық, жауапкершілік, академиялық шынайылық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған сапалы білім беру ортасын құру.

«Озат» озық тәжірибе мектебі жұмысының міндеттері

1. Мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау

- ✓ Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін анықтау және дамыту;
- ✓ Кәсіби қиындықтарын саралау және шешу жолдарын ұсыну;
- ✓ Педагогтердің кәсіби шеберлігін жүйелі түрде арттыру.

2. Озық педагогикалық тәжірибені тарату

- ✓ Тәжірибелі, білікті ұстаздардың үздік тәжірибелерін жинақтау және насихаттау;
- ✓ Ашық сабақтар, коучингтер, шебер-сыныптар ұйымдастыру;
- ✓ Тәлімгерлік пен әріптестік қолдауды дамыту.

3. Заманауи технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу

- ✓ Оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын, онлайн платформаларды және AI құралдарын қолдануға әдістемелік қолдау көрсету;
- ✓ Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру;
- ✓ Инновациялық оқыту әдістерін тәжірибеге енгізу.

4. Функционалдық сауаттылық пен адал ұрпақ тәрбиесін дамыту

- ✓ Оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану;
 - ✓ Академиялық адалдық, әділдік, еңбекқорлық, жауапкершілік құндылықтарын білім беру үдерісіне кіріктіру;

№	Жұмыс атауы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты тұлға
1	«Озат» озық тәжірибе мектебі құрамын құру, бұйрық шығарту	Тізім жасау, бұйрық дайындау	қыркүйек	Маженова С.Т. бірлестік жетекшісі
2	«Озат» озық тәжірибе мектебінің жұмыс жоспарын құру	Құру, бекіту	қыркүйек	
3	«Canva, Genially, AI арқылы интерактивті материал жасау»	Компьютерде практикалық жұмыс	қазан	Г.Жанбуршинова –тарих пән мұғалімі
4	«Тиімді әдіс-тәсілдер»	Дөңгелек стол	қараша	А.Умиржанова-бастауыш сынып мұғалімі
5	«XXI ғасыр мұғалімі: цифрлық құзыреттілік пен жасанды интеллект»	Коучинг	желтоқсан	А. Жүсіпбек-математика пәні мұғалімі
6	Felting техникасы: Этностиль	Шебер сынып	қаңтар	А.Бисекенова-көркем еңбек пән мұғалімі
7	«Озат» озық тәжірибе мектебінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығымен бірлескен облыстық курс тыңдаушылары мен мектеп мұғалімдері үшін семинар-практикум	Семинар-практикум	ақпан	Бірлестік жетекшісі және оның мүшелері
8	«ПедИдея – 2026» TEDX форматында	Сайыс	наурыз	Б. Айту - тарих пәні мұғалімі Т.Бралина - информатика пәні мұғалімі
9	«Тәжірибелі тәлімгер - білікті жас маман» атты «Жас мамандар» бірлестігімен бірлескен шеберлік сағаттары	Шебер-сынып	наурыз	С.Алшимбаева - қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі; А.Нысанбаева -

				ағылшын тілі мұғалімі
10	«Үздік педагог» сайысы	байқау	мамыр	Г.Жанбуршинова –тарих пән мұғалімі А.Умиржанова- бастауыш сынып мұғалімі
11	"Озат» озық тәжірибелерді талқылау, ұсыныс беру	Рефлексия, талдау	мамыр	Маженова С.Т. бірлестік жетекшісі

«Озат» озық тәжірибе
мектебі жетекшісі:

Маженова С.Т.
педагог-шебер,
физика пәні мұғалімі